

**Қайталама қара және түсті металдар рыногінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілердің электрондық мониторингі бойынша есептердің нысандарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 7 ақпандағы N 51 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 11 ақпанда тіркелі. Тіркеу N 4085. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 16 қаңтардағы N 29 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 16 қаңтардағы N 29 (2007 жыл 21 сәуірдегі N 16(329) "Ресми газет" газетінде жарияланған) бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан

үзінді-----

*"Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1203 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. "Қайталама қара және түсті металдар рыногінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілердің электрондық мониторингі бойынша есептердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 7 ақпандағы N 51 бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4085 болып тіркелген, 2006 жылғы 31 наурызда N 56-57 (1036-1037) "Юридическая газетінде, 2006 жылғы 29 сәуірде N 18 (280) "Официальная газетінде" жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .*

*4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Т ө р а ғ а*

-----  
*"Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*



Б а с ш ы н ы ң                    а т ы - ж ө н і  
Б а с            б у х г а л т е р д і ң                    а т ы - ж ө н і

Есеп нысанын толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні

**№ 1 нысанды толтыру бойынша ескерту :**

Төлеу уақытына қарамастан осы нысан оларды Қазақстан Республикасының аумағына өткізу мақсатында түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарының (бұдан әрі - тауар) жөнелтілуіне қарай толтырылады.

Нысанда есепті кезең үшін өткізілген тауарлардың барлық көлемі көрсетіледі.

"N" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша н ө м і р л е у д і                    ү з б е у і                    к е р е к .

"Тауарлардың атауы" 2-бағанда Қазақстан Республикасының аумағына резидент емеске өткізілген тауарларды қоса, жөнелтілген тауарлардың атауы к ө р с е т і л е д і .

"СЭҚ ТН" 3-бағанда "Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі - СЭҚ ТН) көрсетіледі.

"Алушының атауы" 4-бағанда ұйымдастыру - құқықтық түрін көрсете отырып заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

"СТТН" 5-бағанда алушының салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - С Т Т Н )                    к ө р с е т і л е д і .

"Резидент/Резидент емес" 6-бағанда алушының резиденттігін білдіретін код көрсетіледі: 0 - Қазақстан Республикасының резиденті, 1 - Қазақстан Республикасының                    р е з и д е н т і                    е м е с .

"Алушының резиденттік елінің коды" 7-бағанда Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген, Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

"Келісім-шарт (шарт) күні" және "Келісім-шарт (шарт) N" 8, 9-бағандарында оның негізінде тауар жөнелту жүргізілетін жасалған келісім-шарттың (шарттың) сәйкесінше нөмірі мен күні көрсетіледі.

"Шот-фактураның күні (негізгі)", "Шот-фактураның N (негізгі)" 10, 11-бағандарында жөнелтілген тауарлар бойынша тиісті шот-фактураның тиісінше

күні, нөмірі көрсетіледі.

Егер есепті кезеңде қосымша шот-фактура бойынша операция жүзеге асырылған жағдайда, сол уақытта жүзеге асырылған жағдайда қосымша шот-фактураның (негізгі) күні, нөмірі көрсетіледі.

"Шот-фактураның күні (қосымша)", "Шот-фактураның N (қосымша)" 12, 13-бағандарында егер есепті кезеңде қосымша шот-фактура бойынша операция жүзеге асырылған болса, жөнелтілген тауарлардың тиісті күні, нөмірі көрсетіледі.

"Шығу тегі туралы сертификаттың күні", "Шығу тегі туралы сертификаттың N" 14, 15-бағандарында оның негізінде тауарларды жөнелту жүргізілетін тауарлардың шығу тегі туралы берілген сертификаттың тиісті күні, нөмірі көрсетіледі.

"Шығу тегі туралы сертификаттар саны" 16-бағанда берілген сертификаттар саны көрсетіледі.

"Өлшем бірлігі" 17-бағанда жөнелтілген тауарлардың сандық өлшем бірлігі көрсетіледі (дана, килограмм, тонна, метр, текше метр).

"Бірлік бағасы" 18-бағанда жанама салығынсыз тауарлардың бірлігіне баға көрсетіледі.

"Саны" 19-бағанда өткізілген тауарлардың саны көрсетіледі.

"Сома" 20-бағанда тауарларды жанама салықтарсыз өткізудің жалпы құны көрсетіледі.

"ҚҚС" 21-бағанда шот-фактурадағы қосымша құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) сомасы көрсетіледі.

Егер есепті кезеңде тауарларды өткізу жүзеге асырылған жағдайда, нысан нөлдік мәндермен тапсырылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Салық комитеті Төрағасының  
2006 жылғы 7 ақпандағы N 51  
бұйрығына 2-қосымша

N 2 нысан

СТТН \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің атауы \_\_\_\_\_

Лицензия N және беру күні \_\_\_\_\_

Заңды мекен-жайы \_\_\_\_\_

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ тоқсан

**ТҮСТІ ЖӘНЕ ҚАРА МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРЫН  
ЭКСПОРТҚА ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

теңге

N	Экпор- тта- латын тауар- лар- дың атауы	СЭҚ ТН коды	Жет- кі- зу шар- ты	Тау- ар- лар- ды жө- нел- ту орны	Тау- ар- лар- ды жет- кізу орны, елі	Са- тып- алу- шы- ның ат- ауы	Са- тып- алу- шы- ның заң- ды ме- кен- жайы	Келі- сім- шарт (шарт)		Мәміле паспорты	
								Кү- ні	N	Кү- ні	N
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

**кестенің жалғасы**

Шығу тегі туралы сертификат			ЖҚД		Өлшем бірлігі	Тауарлардың бірлік құны	Саны
Күні	N	Саны	Күні	N			
13	14	15	16	17	18	19	20

**кестенің жалғасы**

Сума	Келісім- шарт валютасы	Теңге курсы	Теңгеге қайта есептеу	Төлеу мерзімі	Кеден баж салығы және алымдар
21	22	23	24	25	26

Б а с ш ы н ы ң а т ы - ж ө н і

Б а с б у х г а л т е р д і ң а т ы - ж ө н і

Есеп нысанын толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні

**№ 2 нысанды толтыру бойынша ескерту :**

Төлеу уақытына қарамастан осы нысан оларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге өткізу мақсатында тауарлардың жөнелтілуіне қ а р а й т о л т ы р ы л а д ы .

Нысанда есепті кезең үшін жөнелтілген тауарлардың барлық көлемі

к ө р с е т і л е д і .

"N" 1-бағанда рет бойынша нөмір көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбеуі керек.

"Экспортталатын тауарлардың атауы" 2-бағанда экспортталатын тауарлардың атауы көрсетіледі.

"СЭҚ ТН коды" 3-бағанда экспортталатын тауарлардың СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

"Жеткізу шарты" 4-бағанда тауарлардың жеткізу шарты көрсетіледі.

"Тауарларды жөнелту орны" 5-бағанда тауарларды жөнелтудің нақты орны көрсетіледі.

"Тауарларды жеткізу орны, елі" 6-бағанда тауарларды жеткізу орны, елі көрсетіледі.

"Сатып алушының атауы" және "Сатып алушының заңды мекен-жайы" 7, 8-бағандарда жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе тауарды сатып алушы - заңды тұлғаның атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі.

"Келісім-шарт (шарт)күні" және "Келісім-шарт (шарт) N" 9, 10-бағандарда оған сәйкес тауарлардың экспорты жүргізілетін жасалған келісім-шартты (шартты) жасаудың тиісінше күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Мәміле паспортының күні" және "Мәміле паспортының N" 11, 12-бағандарда аталған келісім-шарт (шарт) бойынша жеткізу жөніндегі мәміле паспортынан тиісті деректер көрсетіледі.

"Шығу тегі туралы сертификаттың күні", "Шығу тегі туралы сертификаттың N" және "Шығу тегі туралы сертификаттар саны" 13, 14, 15-бағандарда сертификаттың күні, нөмірі және олардың саны көрсетіледі.

"ЖКД күні" және "ЖКД N" 16, 17-бағандарда жүк кеден декларациясының (бұдан әрі - ЖКД) күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Өлшем бірлігі" 18-бағанда тауарлардың сандық өлшем бірлігі көрсетіледі ( дана, килограмм, тонна, метр, текше метр).

"Тауарлардың бірлік құны" 19-бағанда тауарлардың бірлік құны көрсетіледі.

"Саны" 20-бағанда жүргізілген экспорттың нақты саны көрсетіледі.

"Сома" 21-бағанда жүргізілген экспорттың нақты сомасы көрсетіледі.

"Келісім-шарт валютасы" 22-бағанда келісім-шарт бойынша экспортталатын тауарға төлем жүзеге асырылған валюта көрсетіледі.

"Теңге курсы" 23-бағанда кедендік ресімдеуге ЖКД қабылдау күніне келісім-шарт валютасына теңгенің рыноктік курсы көрсетіледі.

"Теңгеге қайта есептеу" 24-бағанда теңгелік эквиваленттегі сомасы көрсетіледі.

"Төлем мерзімі" 25-бағанда келісім-шартқа сәйкес төлем күні көрсетіледі.

"Кеден баж салығы және алым" 26-бағанда төленген кеден баж салығы мен



Б а с ш ы н ы ң            а т ы - ж ө н і  
Б а с        б у х г а л т е р д і ң        а т ы - ж ө н і

Есеп нысанын толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні

**№ 3 нысанды толтыру бойынша ескерту :**

Осы нысан төлеу уақытына қарамастан тауарлардың ҚР аумағында кіріске алынуына қарай толтырылады.

Есепті кезең үшін сатып алынған тауарлардың барлық көлемі көрсетіледі.

"N" 1-бағанда рет бойынша нөмір көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбеуі керек.

"Тауарлардың атауы" 2-бағанда сатып алынған тауарлардың атауы көрсетіледі.

"СЭҚ ТН коды" 3-бағанда сатып алынған тауарлардың тиісті СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

"Жеткізушінің атауы" 4-бағанда тауарды жеткізушінің атауы көрсетіледі.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалардан тауарларды сатып алынған кезде "Жеткізушінің атауы" 4-бағанда "жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты" көрсетіледі, бұл ретте 14-баған "сатып алу актісінің күні" мен 15-бағанды "сатып алу актісінің N" міндетті түрде толтырады, және 8-баған "келісім-шарт (шарт) күні", 9-баған "келісім-шарт (шарт) N", 12-баған "шот-фактура күні" мен 13-бағандар "шот-фактура N", 20-бағанда "ҚҚС" толтырылмайды.

"СТТН" 5-бағанда жеткізушінің СТТН көрсетіледі.

"Резидент/Резидент емес" 6-бағанда жеткізушінің резиденттігін білдіретін код көрсетіледі: 0 - Қазақстан Республикасының резиденті, 1 - Қазақстан Республикасының резидент емесі

"Жеткізушінің резиденттік елінің коды" 7-бағанда Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде" Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген, Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

"Келісім-шарт (шарт)күні" және "Келісім-шарт (шарт) N" 8, 9-бағандарында оған сәйкес жасалған тауардың сатып алу келісім-шарттын (шартты) күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Шот-фактураның күні (негізгі)", "Шот-фактураның N (негізгі)" 10, 11-бағандарында тиісті шот-фактураның күні мен нөмірі көрсетіледі. Егер есепті кезеңде қосымша шот-фактура бойынша сатып алу операциялары жүзеге асырылған жағдайда, негізгі шот-фактураның күні мен нөмірі толтырылған қосымша шот-фактурада көрсетіледі.



"Шот-фактураның күні (қосымша)", "Шот-фактураның N (қосымша)" 12, 13-бағандарында егер есепті кезеңде қосымша шот-фактура бойынша сатып алу операциялары жүзеге асырылған болса, кіріске алынған тауарлардың тиісті күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Сатып алу актісінің күні", "Сатып алу актісінің N" 14, 15-бағандарында оның негізінде жеке тұлғадан тауарды сатып алған жағдайда, сатып-алу актісінің күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Өлшем бірлігі" 16-бағанда тауардың сандық өлшем бірлігі көрсетіледі (дана, килограмм, тонна, метр, текше метр).

"Саны" 17-бағанда жанама салықтарсыз тауар бірлігінің бағасы көрсетіледі.

"Бірлік бағасы" 18-бағанда сатып алынған тауарлардың саны көрсетіледі.

"Сома" 19-бағанда жанама салықтарсыз тауарлардың жалпы құны көрсетіледі.

"ҚҚС" 20-бағанда шот-фактурадағы қосымша құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) сомасы көрсетіледі.

"Төлем көзінен табыс салығының сомасы" 21-бағанда төлем көзінен ұсталуға жататын корпорациялық табыс салығының немесе жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер ұсталынбайтын жағдайда, онда бұл баған тоқтырылмады.

Егер есепті кезеңде тауарларды сатып алуы жүзеге асырылмаған жағдайда, нысан нөлдік мәндермен тапсырылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Салық комитеті Төрағасының  
2006 ж. 7 ақпандағы N 51  
бұйрығына 4-қосымша

N 4 нысан

СТТН \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің атауы \_\_\_\_\_

Лицензия N және беру күні \_\_\_\_\_

Заңды мекен-жайы \_\_\_\_\_

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ тоқсан

**ТҮСТІ ЖӘНЕ ҚАРА МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ  
ИМПОРТЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

теңге

N	Импорт-тауарлардың атауы	СЭҚ ТН коды	Жеткізу шарты	Тауар-ды жөнел-	Тауар-ды жет-кізу орны	Сатушы-ның атауы	Сатушы-ның заңды

				т у орны, елі			мекен- жайы
1	2	3	4	5	6	7	8

**кестенің жалғасы**

Келісім-шарт (шарт)		Инвойс		ЖКД		Өлшем бірлігі	Тауар бірлігі- нің құны
Күні	N	Күні	N	Күні	N		
9	10	11	12	13	14	15	16

**кестенің жалғасы**

Саны	Сома	Келісім- шарт валю- тасы	Теңге курсы	Теңгеге қайта есептеу	Нақты төленген ҚҚС	Кеден баж салығы және алымдар	Жеткі- зуді төлеу мерзімі
17	18	19	20	21	22	23	24

Б а с ш ы н ы ң а т ы - ж ө н і

Б а с б у х г а л т е р д і ң а т ы - ж ө н і

Есеп нысанын толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні

**№ 4 нысанды толтыру бойынша ескерту :**

Осы нысан төлеу уақытына қарамастан Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тыс жерлерден сатып алынған тауарлардың кіріске алынуына қарай т о л т ы р ы л а д ы .

Есепті кезең үшін сатып алынған тауарлардың барлық көлемі көрсетіледі.

"N" 1-бағанда рет бойынша нөмір көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбеуі керек.

"Импорт тауарлардың атауы" 2-бағанда Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерден сатып алынатын импортталатын тауарлардың атауы к ө р с е т і л е д і .

"СЭҚ ТН коды" 3-бағанда СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

"Жеткізу шарты" 4-бағанда тауарларды жеткізу шарты көрсетіледі.

"Тауарды жөнелту орны, елі" 5-бағанда тауарды жеткізуші резиденті болып табылатын елдің коды көрсетіледі.

"Тауарды жеткізу орны" 6-бағанда жеткізу шартына сәйкес тауарды жеткізу орны көрсетіледі.

"Сатушының атауы", "Сатушының заңды мекен-жайы" 7, 8-бағандарында жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе тауар алушы - заңды тұлғаның атауы және оның заңды мекен-жайы көрсетіледі.

"Келісім-шарт (шарт)күні", "Келісім-шарт (шарт)N" 9, 10-бағандарында оған сәйкес тауарлар импорты жүргізілетін келісім-шарттың (шартты) тиісті күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Инвойс күні", "Инвойс N" 11, 12-бағандарында инвойстың күні мен нөмірі көрсетіледі.

"ЖКД күні", "ЖКД N" 13, 14-бағандарында жүк кеден декларациясының күні мен нөмірі көрсетіледі.

"Өлшем бірлігі" 15-бағанда тауардың сандық өлшем бірлігі көрсетіледі (дана, килограмм, тонна, метр, текше метр).

"Тауар бірлігінің құны", "Саны" және "Сома" 16, 17, 18-бағандарында нақты жүргізілген импорт деректері көрсетіледі.

"Келісім-шарт валютасы" 19-бағанда келісім-шарт бойынша импортталатын тауар төлемі жүргізілген валюта көрсетіледі.

"Теңге курсы" 20-бағанда кедендік ресімдеуге ЖКД қабылдау күніне келісім-шарт валютасына теңгенің рыноктік курсы көрсетіледі.

"Теңгеде қайта есептеу" 21-бағанда теңге эквивалентінде сомасы көрсетіледі.

"Нақты төленген ҚҚС" 22-бағанда импорт кезінде нақты төленген қосымша құн салығының сомасы көрсетіледі.

"Кедендік баж салығы және алымдар" 23-бағанда төленген кеден баж салығы мен алымдар сомасы көрсетіледі.

"Жеткізуді төлеу мерзімі" 24-бағанда келісім-шарт бойынша төлеу күні көрсетіледі.

Егер есепті кезеңде тауарлардың импорты жүзеге асырылмаған жағдайда, нысан нөлдік мәндермен тапсырылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Салық комитеті Төрағасының  
2006 ж. 7 ақпандағы N 51  
бұйрығына 5-қосымша

N 5 нысан

СТТН

Салық төлеушінің атауы \_\_\_\_\_

Лицензия N және беру күні \_\_\_\_\_

Заңды мекен-жайы \_\_\_\_\_

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ тоқсан

**ТҮСТІ ЖӘНЕ ҚАРА МЕТАЛДАРДЫҢ ДАЙЫНДАЛҒАН СЫНЫҚТАРЫ  
М Е Н  
ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

тонна

№№	Атауы	Есепті кезеңнің басына қалдығы, саны	Тауардың келіп түсуі, саны	Есепті кезеңнің соңына қалдығы, саны
1	2	3	4	5
<b>ҚАРА МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫ</b>				
1	Теміржол төсенішінің элементтері (к/ш)			
1.1	Рельстер (к/ш)			
1.2	Бағыттамалы бұрмалар (к/ш)			
1.3	Айқаспалар (к/ш)			
2	Жылжымалы құрам элементі (к/ш)			
2.1	Осьтер (к/ш)			
2.2	Дискілер (к/ш)			
2.3	Доңғалақ парлар (к/ш)			
3	Басқалар			
3.1	Болат металл сынықтары			
3.2	Шойын металл сынықтары			
<b>ҚАРА МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫНЫҢ ЖИЫНЫ</b>				
<b>ТҮСТІ МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫ</b>				
1	Алюминий сынықтары мен қалдықтары			
2	Мыс сынықтары мен қалдықтары			
3	Құрамында мыс бар металл сынықтары			
3.1	Латунь			
3.2	Қола			
3.3	Басқалар			
4	Басқа түсті сынықтар мен қалдықтар			
4.1	Қорғасын			
4.2	Цинк			

4.3	Қалайы			
5	Басқалар			
<b>ТҮСТІ МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫНЫҢ ЖИЫНЫ</b>				
<b>АЛЮМИНИЙДЕН ҚОРЫТПАЛАР</b>				
1	Өңделмеген алюминийден алғашқы қорытпалар (7601201000)			
2	Құймадағы немесе сұйық күйіндегі өңделмеген алюминийден қайталама қорытпалар (7601209100)			
3	Өңделмеген алюминийден басқа да қайталама қорытпалар (7601209900)			
4	Алюминийден басқа да қорытпалар			
<b>АЛЮМИНИЙ ҚОРЫТПАЛАРЫНЫҢ ЖИЫНЫ</b>				
<b>ТҮСТІ ЖӘНЕ ҚАРА МЕТАЛЛ СЫНЫҚТАРЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ</b>				

Б а с ш ы н ы ң а т ы - ж ө н і

Б а с б у х г а л т е р д і ң а т ы - ж ө н і

Есеп нысанын толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні

№ 5 нысанды толтыру бойынша ескерту:

Осы нысанда түсті және қара металдардың дайындалған сынықтары мен қалдықтарының саны көрсетіледі.

"Есепті кезеңнің басына қалдығы, саны" 3-бағанда есепті кезеңнің басына қалдықтағы тауардың саны көрсетіледі.

"Тауардың келіп түсуі, саны" 4-бағанда есепті кезең үшін келіп түскен тауардың саны көрсетіледі.

"Есепті кезеңнің соңына қалдығы, саны" 5-бағанда есепті кезеңнің соңына қалдықтағы тауардың саны көрсетіледі.